

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 4 шешімі. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 2026 жылғы 20 ақпандағы № 2 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімінің 20.02.2026 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес, Атбасар ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссиясының 2024 жылғы 11 сәуірдегі кезектен тыс жедел отырысының хаттамасы негізінде, Атбасар ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Атбасар ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Ә.Б. Шайкенов тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешімнің әрекеті 2024 жылдың 11 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Атбасар ауданының әкімі

А.Қалжанов